

Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бірінші орынбасарының Өкімі

Үкімет Басшыларының Кеңесімен мақұлданған Көпфункционалды "Мир" телерадиохабарларын таратудың спутниктік жүйесінің жобасы бойынша "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының (бұдан былай - "Мир" МТРК) Қазақстан филиалының материалдық-техникалық базасын құру мақсатында және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 26 желтоқсандағы N 520 өкімінің негізінде:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және "Қазақстан Теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы бір апта мерзім ішінде "Мир" Мемлекетаралық телерадиокомпаниясына (Қазақстан) құрылтайшы мемлекеттің үлестік жарнасы есебінен Республика алаңындағы 13-үйден ауданы 700 шаршы метрге дейін қызметтік үй-жайлар беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Эксимбанкі:

"Мир" МТРК жобасын Қазақстан Республикасына 1995 жылы берілетін "Жұмсақ" кредиттік желілердің біріне қосуға жәрдем жасасын;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесе отырып, бір ай мерзім ішінде "Мир" МТРК жобасына сараптама жасасын және тиісті қорытындысын берсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өткізілген сараптаманың нәтижелері бойынша аталған Жобаның Қазақстанға қатысты бөлігін 1995 жылғы маңыздылығы басым жобалардың индикативті тізбесіне қоссын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі, "Қазақтелеком" Ұлттық акционерлік компаниясы "Мир" мемлекетаралық телерадиокомпаниясына (Қазақстан) бөлінетін үйге республиканың бюджеттік ұйымдары үшін белгіленген шарттар бойынша қалалық және үкіметтік (2-ҰАТС) телефон, халықаралық факсимилді байланыс орнататын болсын.

5. Өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының ТМД істері жөніндегі бөліміне жүктелсін.

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК